



# Жағалаған Жершілсебі



№87 (9870)

1 қараша, сейсенбі 2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

## Ел жаңалықтары

### 8 айда тауар айналымы 1,7 млрд еуроға жеткен

Бүгін Германияның Сыртқы істер министрі Анналена Бербок Қазақстанға алғаш рет жұмыс сапарымен келді. Жұмыс бағдарламасы аясында ол Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың қабылдауында болды және Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердімен келіссөздер жүргізді.



ҚР СИМ-де өткен көздесу кезінде тараптар Қазақстан-Германия қарым-қатынасының экономикалық ынтымақтастық және осы жылдың алғашқы сегіз айында 1,7 млрд еуроға жеткен тауар айналымы одан әрі арттыру перспективаларынан бастап, Қазақстан өңірлерінде ЖЭК саласындағы неміс фирмалары Goldbeck Solar және Svevind компанияларымен бірлескен жобаларды жүзеге асыруды ескере отырып, энергетика саласындағы кооперацияның жаңа түрлеріне дейінгі барлық спектрді бойынша пікір алмасты.

Сыртқы саяси ведомстволардың басшылары тығыз және сенімді диалогтың болуы, сондай-ақ халықаралық күн тәртібіндегі бірқатар мәселе бойынша ұстанымдардың ортақтығын атап өтті. Қазақстанның бейбітшілік пен келісім жолындағы халықаралық, этносаралық және диалогтық диалогты құрудағы рөлі ерекше аталды.

Астана мен Берлиннің келіп және логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласында сыйдары өзара іс-қимылға деген қызығушылықтарына айрықша назар аударылды. Қазақстанның Германия мен Еуропаға пайдалы қазба, тамақ өнеркәсібі өнімдері, шикі мұнай және басқа да энергия ресурстарын жеткізуде сенімді серіктес екеніне тоқтала келе, М.Тілеуберді қазақстандық тараптың герман серіктестері үшін ауқымды инвестициялар мен неміс технологиялардың трансферт алмастыруға дайын екенін айтты.

Елімізде мамандандырылған мектептердің саны 134-ке жетті. Оқу жылының басынан бері бұл мектептерде 72 мыңнан астам оқушы білім алып жатыр. Дарынды балалармен 8 мыңнан астам педагог жұмыс істейді.

### Дарынды балаларға арналған мектептер саны артқан



Мамандандырылған мектептер еліміздің барлық аймағында ашылған. Емтихандардан сурінбей өткен балалар бұл білім ордаларында тегін білім ала алады. Сонымен қатар биыл Балалар жылында алғаш рет әлеуметтік осал топтан шыққан балаларға ерекше мүмкіндіктер жасалды.

– Министрлік дарынды балаларды қолдау бойынша жан-жақты жұмыс жүргізіп жатыр. Қазіргі күні 134 мамандандырылған мектеп жұмыс істейді. Дарынды балалар республикалық және халықаралық олимпиадаларға белсене қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Мысалы, былтыр 420-дан астам оқушы республикалық олимпиадалардың жүлдегері мен жеңімпазы атанды. Олардың ұстаздары да жақсы үлгі көрсетіп, «Үздік педагог», «Үздік авторлық бағдарлама», «Педагогикалық идеялар фестивалі», «Дарынды балалардың талантты мұғалімі» сынды байқауларға қатысып жүр, – деді «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Әнуар Ұнайбеков.

Айта кетейік, еліміздегі 134 мектептің 94-і жаратылыстану-математика бағытында, 6 мектеп қоғамдық-гуманитарлық бағытта, 8-і көпсалалы, 5-еуі әскери спорт, 6-уы музыкалық-эстетикалық бағытта жұмыс істейді. Тағы 15 мектепке Абай Құнанбаев есімі берілген. 95 мектепте интернат үйлері бар.

## Жәрмеңке



### Қызылордалықтар қыстық азығын қамдады

Жансүлу Жақсылықова қалада «Әль-Фараби» шағын ауданында тұрады. Бірақ өткен сенбіде біз оны Титовта тұрған ол жыл сайын жалағаштықтар ұйымдастыратын жәрмеңкеден қалмайды. Биыл да жылдағы дәстүрмен осында сауданың көркін қыздыруда.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Отбасында жолдасы екеуі 3 бала тәрбиелеп отырған ақжарлықтың анаың Жалағаш жерінде бапталған ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін асыға күтетіндей жөні бар. Кейіпкеріміз жыл сайын күз айында жәрмеңкеде қыстық азығын қамдайтынын айтады. Баға қалтаға қонымды, өнімнің сапасында да мін жоқ.

Сенбіде таң азанымен ол үйіне 6 қап картоп, 2 қап сәбіз бен 1 қап пияз сатып алды. Мұнан бөлек оның қолында 4-5 келідей балық пен сиыр еті де бар. Ауыл шаруашылығы өнімдері қойылған келесі сөреге бара жатқаны сол еді, біз де сәл аялдауын өтініп, жәрмеңкедегі өнімдер бағасы мен сапасы жайында сұрадық.

– Қазір жолдасым келуі керек еді, маған сауданың жасап болған соң хабарлас деген. Енді тағы да күріш, жоңышқа, күрмек жем секілді бірқатар өнімдер алуым керек. Бұрын осында тұрғаным. Жуырда қаланың басқа шағын ауданына қоныс аудардық. Алайда жалағаштықтар ұйымдастырған жәрмеңкеден қалмаймыз. Үй жұқта қора жайым да бар. 10-15 ешкі ұстаймын. Мал азығын іздеп жүргенім де сондықтан. Жалпы саудаға көңілім

толады. Өнім сапасы жоғары, бағасы да айтарлықтай ауыр емес. Үй жақта бұл азықтарды сақтайтын шағын ұрамыз да бар. Жыл сайын осы жақтан бірқатар өнім сатып алып, оны сонда сақтаймыз. Жалағашта күтіп-бапталған өнімдердің тұрақты тұтынушысымыз десем болады. Қазір нарықтағы кез келген өнімнің бағасы аспандап тұр. Оған кінәлі де өзіміз. Кез келген жерде өндірушіден тұтынушы көп болса, нарық құбылатыны заңдылық. Ала жаздай күтіп-баптағаннан өнімді сатып алғанды жөн көреміз. Біз секілді қала тұрғындарына жер мәселесі қиын болмаса өзім де ішіп-жейтін бақша өнімдерін егіп, оны күтіп-баптауға қарсы емеспін. Бірақ ауламада мал ұстап отырмын, – дейді қала тұрғыны.

Қыстың қамын жаз ойлауға қала тұрғындары үшін жер мәселесі қолбайлау болуы мүмкін. Алайда күзде аймақтың әрбір шағын ауданында ұйымдастырылатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі таптырмас мүмкіндік. Міне, бүгінгі шарада қызылордалықтардың осы мүмкіндікті құр жібергісі келмейтінін аңғардық. Бірі Жалағаштың күрішін, енді бірі бақша өнімдерін көлігіне қап-қаптап тиеуде.

«Молынан алып қойып, ертең картоп-сәбізін қысқа дейін ағып кетпей ме?» дейді алпысты алқымдаған көпкеміз. Ол «Өнім сапасы жақсы екеніне көзім жетсе де, сатушының тым арзан сатып жатқанына күмәндандым» дейді. Неге десенің, Титов шағын ауданының тұрғыны Марат Тәйімбетовтың баласы да осыған дейін Түркістан облысынан бақша өнімдерін әкеліп сатумен айналысыпты. Яғни ол ондағы өнімдер мен жалағаштықтар ұйымдастырған жәрмеңкедегі өнімдер бағасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін айтады.

– Жалпы өнімнің қай түрі болсын, бізге қарағанда Түркістан облысы мен Шымкент қаласында арзан болады ғой. Балам да осы бақша өнімдерін көрші облыстан әкеліп сатады. Мен ондай өнімдер мен осындағы өнімдердің бағасында айырмашылық көріп тұрғаным жоқ. Сапасы да жаман емес. Үйде қыстан шығатын бақша дақылдары болғандықтан тек ет, балық, күріш алдым. Жалағаштың балығы дәмді ғой, жәрмеңкеге балық алу үшін міндетті түрде келемін. Жаңа да 6 келі сазан мен 4,5 келі жайың сатып алдым. Бағасы арзан. Ұйымдастырушыларға

алғыстан басқа айтарым жоқ, – дейді Титов шағын ауданының тұрғыны. Бұл облыс орталығында жыл сайын өтетін дәстүрлі шара екенін көпшілік жақсы біледі. Қай аудан аймақтың қай жерінде жәрмеңке ұйымдастыратынына дейін жергілікті халыққа таңсық емес. Бүгін де мұнда сауда жасауға келген қызылордалықтардың қатары көп болды. Басым бөлігі бақша өнімдерін көптеп сатып алды. Ал ер кісілер жағы балық қойылған сөреге келгенде кілт тоқтады. Тіпті мал азығын да молынан алып жатқан шаһар тұрғындары көптеп кездеседі.

Айта кетейік, бұл – облыс орталығында жалағаштықтар ұйымдастырып жатқан екінші жәрмеңке. Бұған дейін аудандағы жергілікті шаруашылықтар 60 жүк көлігімен 240 тонна ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізіп, оны жергілікті халыққа арзан бағада ұсынған болатын. Ал кешегі сенбіде 45 млн 375 мың теңгені құрайтын 230 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімін жеткізген. Барлық өнім нарық бағасынан 15-20 пайызға арзан сатылды.

Бастысы ел риза. Тауар өндіріп, оны арзан бағада халыққа ұсынып жатқан жергілікті шаруашылық өкілдерінде де өкпе жоқ. Бұрын «Жаңадарияның қарбызы бар ма?» деп ел сөре жағаласа, бұл жәрмеңкеде «Ер-Әлі» шаруа қожалығының бақша өнімдері, «Таң ЛТД» шаруа қожалығының күріші көпшіліктің сұранысына ие болғанын байқадық.

## Өңір өнімі



### Шалғай ауылдағы шаруасы ширақ ұстахана

Аудан орталығынан шалғай жатқан Аққыр ауылдың округі аймаққа мал шаруашылығымен етене таныс. Иә, өгістік жер алу қиынға соқпағанымен су тапшылығы жергілікті халықтың ауыл шаруашылығының бұл саласын дамытуына айтарлықтай қолбайлау болып отыр. Мұндағы жұрттың әлі де негізгі күнкөріс көзі мал шаруашылығымен тығыз байланысты демесеңіз, мұнда да кәсіптің түр-түрін кездестіресіз.

Шалғай ауылдағы Ермекбай Бодыбаевтың есімі тек аққырлықтарға емес, аудан жұртына етене таныс. Себебі оның ұстаханасынан шығатын ауыл шаруашылығына қажетті құрал-саймандар жергілікті шаруашылықтардың шаруасының шаруауына айтарлықтай қолғабыс болып отыр десек, қателеспейміз.

Ермекбай ағамыздың кәсіптің бұл түрін қолға алғанына 20 жылдан асқан. Әкесі де кезінде дүкен ұстал, жергілікті халықтың күнделікті тұрмыста тұтынатын бұйымдарын әзірлепті. Бұл өнер оған өкесінен қонған.

– Осыған дейін ауыл мектебінде мұғалім болып жұмыс жасадым. Зейнеткерлікке шықсам да әлі күнге дейін еңбектен қол үзгенім жоқ. Бастысы өмірімізбен жасаған жұмысымызбен кейінгі буынға үлгі болсақ болғаны. Бұл кәсіпті де қолға алғаным 20 жылдан асыпты. Мұнан шыққан өнімді тұтынушы жетерлік, тапсырыс та көп. Бастысы, халықтың қажетіне жарап жатырмын. Айналадағы техниканың барлығы істен шыққан, соның бәрін қалықа келтіруім керек, – дейді ұстахана иесі.

Рәсімден дүкеннің маңы толған ауыл шаруашылығы техникалары. Бірінші сөкасы сынса, енді бірінің басқа бөлігі істен

шыққан. Мұндайда елдің табан тірейтін жері осы дүкен екен. Ермекбай ағамыз олардың ешқайсысын ренжітпейті. Тіпті кешегі күзгі науқанның қызған шағында жергілікті шаруашылықтар үшін кейбір техниканың істен шыққан бөлшектерін жаңалау қиынға соққан. Себебі бүгінде сол озық техникалардың әлі қосалқы бөлшектері сатылымға шықпаған көрінеді. Мұндайда ұстахана иесі әлгі ақауды өз дүкеніндегі арнайы тоқор станоктарымен қалықа келтіріп береді екен.

Бұл ұстаханада көкеміз тек көліктің бұзылған ақауларын қалықа келтірумен шектелмейді. Тапсырысқа сай

өнімнің бірқатар түрін шығарады. Мәселен, олардың қатарында қоршаулар, моншаның және шопандар пеші, ошақтар, темір есіктер жасалады. Жергілікті ұстаханадан шыққан өнімдер бүгінде осы ауылдағы көркейіп көгалдануына да айтарлықтай сеп болып отыр. Мәселен, ауылдағы кейбір әлеуметтік нысандар мен тарихи-мәдени орындар, саябақтар Ермекбай ағамыздың ұстаханасында өндірілген темір қоршаулармен қоршалған.

Ұстахананың дүкенінде жасалған өнімдердің тұтынушылары тек аққырлықтармен шектелмейді. Көрші ауылдар, аудан орталығы, тіпті өзге аудандардан да Ермекбай Бодыбаевқа тапсырыс көптеп түсетін көрінеді. Бүгінде ұстананың баласы да дәнекерлеу ісімен айналысып, елдің тапсырысын шама-шарқынша қамтамасыз етіп отыр. «Әке көрген оқ жонар» деген осы шығар, сіре.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Алтын ұя



## Мектеп – кеме, білім – теңіз

Жалынды ақын Қ.Аманжолов:  
«Мектеп – кеме, білім – теңіз  
Толқынында біз жүземіз»

**Желбіреген ақ желкені** – деп, білімнің алып кемесі мектеп екенің, төреңнен тебіреніп, ұрпаққа жеткізген. Иә, ұстаз – шәкірттің ертеңгі біліміне жауапты тұлға. Ал білімді ұрпақ тәрбиелеу – қоғамның басты қағидасы. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет» деп өз пайымын жеткізген. Осындайда зор жетістікке жетіп жүрген аудан көлеміндегі мектептердің ішінде №31 мектеп-гимназияның орны ерекше.

Іргелі білім ордасында 2022-2023 оқу жылында 32 сынып комплексті жабдықталып, қазіргі таңда 475 оқушы білім алуға. Ұжымда барлығы 87 мұғалім жұмыс істейді. Олардың ішінде педагог-зерттеуші – 21, педагог-сарапшы – 26, педагог-модератор – 16.

Сонымен қатар ұстаздар арасында «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері – 1, Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасы иегерлері – 6, Білім және ғылым министрлігінің алғыс хат иегері – 5. Бұл – білім саласындағы мұғалімдерге кездейсоқ беріле салатын марапат емес, бала тәрбиелеу мен оқыта білудегі нәтижелі еңбектің жемісі. Мектеп-гимназия қазіргі заман талаптарына сай материалды-техникалық базамең, заманауи пән кабинеттерімен қамтамасыз етіліп, әр кабинет техникалық құралдар, компьютерлер, интерактивті тақталармен толықтырылған.

Қазіргі таңда ұжымды Айнур Мыханова жоғары іскерлікпен басқарып келеді. Мектептегі білім сапасы жоғары.

– Мектеп оқушылары ҰБТ-да ең жоғары көрсеткішке жетіп, аудан бойынша I орынды иеленді. Барлық оқушы мемлекеттік грант иегері атанып отырғаны ұжым үшін зор жетістік. Соңғы үш жылда мектептің білім сапасы 62 пайыздан 72 пайызға дейін көтерілді, соңғы үш жылда барлығы 57 оқушы мектепті аяқтап, 57 оқушы грант иегері атанды. 2019-2020 жылдары аралығында 2 оқушы «Алтын белгі», екі оқушы «Ұздік аттестат», 2020-2021 жылдары 4 оқушы «Алтын белгі», 2021-2022 жылдары 3 оқушы «Ұздік аттестат» иегері атанды, – дейді мектеп басшысы.

Жас ұрпақты білім шыңына, жалпы әлемдік өркені жетістіктеріне жетелейтін – мұғалім. Қазақта «ұстазы жақсының ұстамы жақсы»

деп тегін айтылмаған. Мұнда өзі де, оқушылары да биік жетістіктерден көрініп жүрген ұстаздар легі аз емес. Олардың қатарында Л.Тұңғышбаева, Л.Абдреймова, А.Камалова, Г.Ташенова, Г.Уразбаева, С.Алиева, Ф.Кара-



каева, Г.Пирманова, Г.Искакова, М.Цой, А.Аң, Г.Кенжалиевадай ұлағатты ұстаздар бар. Білімі кемелді біліктілігі жоғары, белсенді ұстаздар қатарында Р.Айтимова, Т.Жалиева, С.Қуштаева, С.Калжановаларды ерекше құрметпен атап өтуге болады. Білікті ұстаздар оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындауда жоғары жетістікке жетіп жүр.

Абыройы асақ ұстаздар арқасында облыстық, республикалық олимпиадада қазақ тілі мен әдебиетінен жүлделі орындарға ие болған шәкірттер аз емес. Мәселен, 2017-2022 жылдары Б.Сетраков Қостанай қаласында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасында қазақ тілінен II орын, күміс

медаль иеленді. А.Парин Қызылорда қаласында өткен қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасында ерекше жетістіктер көрсеткені үшін мақтау қағазымен ма-



рапатталды. Ал Ш.Мұсаев, жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың облыстық кезеңінде II орын иеленсе, өнерлі оқушылардың қалыптасуына, шығармашылық қабілетінің, тәнімдік қызметінің дамуы мен «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізуге қосқан үлесі үшін Жалағаш ауданы әкімінің «Жеңістің биік тұғыры» номинациясымен марапатталса, 2020-2021 оқу жылының қорытындысымен оқушылардың рухани және адамгершілік тұлғасының қалыптасуына қосқан үлесі үшін Жалағаш ауданы әкімінің «Шабдыттың ақ желкені» номинациясына қол жеткізді.

Міне, №31 мектеп-гимназиясының қаншама табысты жолдары болса, болашаққа құрған тыңшылықты жоспары бар. Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру, шәкірттерді заманауи өркениетке жетелеу – мектеп ұжымының басты бағдары.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

Ойтарызы

## Балаңыз кітап оқи ма?

«Күш – білімде, білім – кітапта» деп бекерден-бекер айтылмаған. Ал кітап оқу үшін, әсіресе баланың бар сапалы білімді кітаптан алуы үшін ерте бастан жұмыс жасау керек. Бұл дегеніңіз, «Бала – ата-ананың айнасы» демекші, ата-ананың сіңірлік еңбегі зор деген сөз. Барлық жауапкершілік те ата-анаға түседі. Балаға үлгілі тұлға бола алу үшін перзентіңіздің есі кіргенін күтіп жүру өте үлкен қателіктердің бірі деуге болады. Өйткені баланың тілі анық шығып, сізбен сөйлесе алмағанымен, құрсақта жатқаннан бастап ол қоршаған ортаны, құбылыстарды, түрлі эмоцияларды және ата-анасының тұлғалық ерекшеліктерін санасына сіңіріп жатады.

Бала жастайынан кітап оқуға әуес болуы үшін ата-ананың рөлі зор дедік жоғарыда. Иә, расымен де бала көргенін істейді. Енді ата-ана үйде баланың кезінше жиі кітап оқыса, кітаптарды жиі қарайтынын байқатса және белгілі бір туындыны дауыстап оқыса, баланың санасы, жады осы нәрсені тез қабылдап, саналы түрде кітап оқуды қажеттілік деп есептей бастайды екен. Ойын баласы үшін ата-ананың тосын әрекеті дер кезінде оның ойын бөліп, кітапқа, сіз дауыстап оқып отырған мәтінге аударылады. Нәтижесінде бала қызығушылық танытып, қасыңызға келеді. Солай сіз оқып отырған кітаптың мұқабасынан бастап қарап шығып, сұрақтарын жаудыра бастайды. Тімді сәтті пайдаланған сіз де тиісінше мәтіннің қызықты жерлерін үзінділер келтіріп, баланы кітап оқуға қызықтыра бастайсыз. Осылай ата-ана тарапынан жасалған дұрыс іс-әрекет кітап оқуға құштар баланы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл баланы кітап оқуға қызықтырудың бір тәсілі ғана.

Жалпы баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін өте жоғары деңгейде жұмыс істемесеңіз, нәтижеге жету қиынырақ. Балаға ұрысып, телефонның тартып алып, кітапханаға кіргізіп жібергеннен тұқ шықпайды. Бала өз еркімен ізденетіндей тәсілдерді қолдану қажет. Бұл ретте мектеп мұғалімдерінің еңбегі зор. Яғни мектептегі білім беру процесі біздің болмауы керек деп ойлаймын. Әр пәннің өзіндік ерекшелігі болғаны сияқты, сол пәннің мұғалімі баланы қызықтыру үшін әр сабақты тыңшылықты дайындайтын жоспарлауға тиіс. Жаңаша әдіс-тәсілдер, ойындар, интеллектуалды сайыстар сабақ оқуға деген ынтаны оятады, баланы жігерлендіреді. Шытырман оқиғаға толы немесе оқиғасы қызықты кітаптарды толықтай оқып, сыныпта талдаудың да берері көп. Ең бастысы, бала оқуы керек деп қолына кез келген кітапты бере салмау керек. Оқыған кітабын бірге отырып талдау, не түсінгенін сұрап бөлісу де оң нәтижеге жеткізеді.

Бүгінде ақсап тұрған тәрбиенің бір өзекті тұсы осы балалардың кітап оқуға деген қызығушылығының төмендігі екенін айтуға болады. Оның да себебін тағы заманға әкеп телиміз. Балалар қазір кітапханаға барып, ізденіп, оны парақтап, сан тарауын талдағаннан, көз майын тауысып оқып шыққаннан қолындағы смартфоннан лезде оқи салғанды оңай көреді. Кітап оқығаннан көз майын тауысамыз дейтін сол жасөспірімдер қалта телефоннан бөлінетін саулелерден көз жанаңы солып қана қоймай, адам ағзасының басқа да мүшелері зақымданып жатқанын сезбейді. Смартфон тек көз жанарын ғана алмайды, ол мидың жұмысын да кешеуілдететіні дәлелденген. Өйткені смартфонда бәрі көз алдында тұрғандықтан, ми ойлау, қорыту сынды функцияларын атқармайды. Мұнан кейін мидың осы қабілеттері біртіндеп жұмысын тоқтатып, дамуы кешеуілдей бастайды.

Рухани ордаға бас сұғып, ондағы тыныштықты жаңымен түсініп, кітаптың иісін сезініп отырып санаңды, түйсіңді дамытқанға не жетсін? Енді ойлап қараңыз, қазіргі балалардың санасы күн сайын қаншалықты дәрежеде ұланып жатқанын. Ойдау да, талғам да, әрекет те өзіңізде ата-ана.

Нұр НАУАН

Жолдауға қолдау

## Білімге қамқорлық қажет

«Заманауи қарай адамы» дегендей, бүгінгі заманның талабы – білімді ұрпақ, білікті мамаң, қоғамға пайдалы азамат. Білім болса, сол білім қоғам үшін пайда әкелетін тың идеяларды, жарқын жобаларды тудырып жатса, құба-құп. Біздің елде бұл жүйе ақсап тұрған жоқ, керісінше жыл сайын даму үстінде. Сапалы білім алу үшін жасалатын қолдау мен көмектің көлемі артып, нәтижесінде білімді де білікті жастар шығып, еліміздің абыройын асқақтатып жүр.

Бізді қуантатыны, Ел Президентінің сарабал саясатының басым бағыттарының бірі – осы білім саласына бағытталуы. Әрине Мемлекет басшысы да жақсы біледі, білекпен емес, біліммен мыңды жығатын заман екенін. Сол себепті білімді ұрпақ қалыптастыруда аянып қалмайды. Мұнымызға дәлел жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларда білім саласының ерекше айтылуы десек болады. Биыл саяси құжатта аталған салаға енгізілетін жаңалықтар мен жасалатын өзгерістерге тоқталған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқаратынын жеткізді. «Қазақта «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Алайда бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай оқлыққа жол беруге болмайды.

Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуі тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн. Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес

қосады. Сондықтан балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет. Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс» деген Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынатынын айтты.

Иә, расымен болашаққа қарқынды қадам басу, бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыру үшін оларға берілетін білімнің сапасы мен осы салаға бағытталатын көмектің толастамауына көңіл бөліну керек. Жолдауда айтылған әрбір ұсыныстың нақты мақсатқа құрылуы қазақстандықтарды, әсіресе педагогтар қауымын ерекше қуантқаны белгілі. Саяси құжатты оқи отырып, білім саласын қолдау мақсатында көрсетілетін жүйелі жұмыстармен таныстық. Мәселен, Президент 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалатынын атап өтті. Яғни елдегі апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектептердің мәселесі бір-жолға шешімін таппақ. Бұл тұста түсінгеніміз, қазіргідей емес, қала мен ауыл мектептерінің арасындағы алшақтық пен айырмашылық едәуір азайып, білімнің сапасы одан ары арта түспек. Айта кетсек, біздің ауданда апаттық жағдайдағы білім

ошақтары қайта жаңғыртылып, балалардың қауіпсіз әрі талапқа сай ғимаратта оқуына жағдай жасалған. Сонымен бірге білім саласына жасалатын қамқорлықтың ішінде мектептердің, жоғары оқу орындарының ғылыми-техникалық дамуын біртіндеп жолға қою, техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі де назардан тыс қалмады.

Ең алдымен Жолдауда айтылған басым бағыттардың бірі педагогтардың абырой-беделін сақтау, мұғалім мәртебесін арттыру болды. Бұл ретте Жаңа Қазақстанды құру жолында әрбір педагог атқаратын еңбектің еселі әрі рөлі зор екенін тілге тиек еткен Ел Президенті мұғалімдер тарапына да жауапкершіліктің артаатынын ескертті.

Жаһандық білім нарығына ілесу, жаңашылдық пен тың идеялар салтанат құрған заманда көштен қалмаудың, саланың көнжелеп қалмауының бірден-бір себебі де осы – сапа, соған сай талап. «Баланы білім алуына, оның ішінде сыныптан тыс оқуына мемлекет бөлетін қаражат бірінші білім беру есепшоттарында жинақталады. Бір сөзбен айтқанда, мұны балалардың білім алуына инвестиция ретінде жасалатын алғашқы мақсатты капитал деуге болады. Бұл қадам еліміздің әрбір азаматы үшін бірдей



мүмкіндік қағидатын іс жүзінде қолдануға жол ашады. Жоғары білім саласындағы реформаларды да осы бағытта жүзеге асырған жүйе» деген Президенттің қуатты сөзі аталған саланың дамуына құйылатын инвестицияның толастамайтынын тиісінше артаатынын дәлелдей түсті.

Жалпы білім саласының қарқынды дамуына жасалатын қолдаудың әрқашан күн тәртібінде болатынын айтқан ол студенттер үшін де жағдай жасалатынын мәлімдеген еді. Иә, елдегі студенттер арасында туындайтын жатақхана мәселесі де енді жолға қойылатын болады. Бұл мәселені

шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керектігін айтты. Бұл өріне әрбір оқу орны үшін жауапкершілік жүктейтіндігі белгілі. Бірақ біртіндеп жүзеге асатын болса, мәселенің алдын алуға мүмкіндік береді.

Жалпы Ел Президенті тілге тиек еткен бағыттар мен ұсыныстардың барлығы білім саласының сапалы әрі қарқынды дамуына тікелей әсерін тигізетіні белгілі. Саралай келе, осыны түсінген біз енді осы жұмыстардың барлығының кезеңінен жүзеге

асып, алға қойылған мақсаттың орындалғанын күтеміз. Әрине бұл тұста қазақстандықтар үшін талап етілетін бірден-бір нәрсе ол – әрбір заманауи өзгерісті оң көзқараспен қабылдау және барлық жоспарлы жұмыстың нәтижелі болуы үшін атсалысу. Ең бастысы бірлік, бірлік болған жерде көз келген тірлігіміз оңынан болары анық.

Рамазан Әйтөмов,  
№203 орта мектеп директорының орта мектеп жөніндегі орынбасары





## Баба рухын жаңғыртты

Ел басына күн туғанда етігімен су кешіп, семсерін сертке суарған баһадүрлердің есімі елеусіз қалмай, елдің есінде сақталғаны жөн. Тарих таразысына тартылған тұлғалардың жүріп өткен жолдары ұлтымызға мақтаныш, ұрпағына ұлағат. Аудандық мәдениет және өнерді дамыту орталығында ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы Сәрке батыр Өмірқұлұлының ел келешегі үшін жасаған ерен ерліктерін жас ұрпаққа үлгі етіп, олардың бойында патриоттық сезім мен сенім қалыптастыру мақсатында балалар мен жасөспірімдер арасында таэквондодан облыстық ашық турнир өтті.

Ұлттық болмысымызды сақтап, тарихи жадымызды жаңғыртуда мәні айрықша, маңызы зор спорттық шараның ашылу рәсіміне аудан тұрғындары, батырдың ұрпақтары және аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, сонымен бірге бөлім, мекеме басшылары арнайы қатысты.

Батыр елі үшін туады, елі үшін өледі. Бірақ ерлікті ел дәріптейді. Қазақ тарихында ерлік, елдік істерімен аттары аңызға айналды, халқының жүрегінде қалған тұлғалар өле көп. Солардың бірі де, бірағы елі үшін өлген ерлердің жауына найзасы, еліне пайдасы тиген Сәрке Өмірқұлұлы еді. Батыр бабамыздың бүгінгі бейбіт заманның орнауы жолында сіңірген еңбегі орасан. Оны біз ешқашан ұмытуға тиіс емеспіз. Ұрпақтан-ұрпаққа

жаңғыртып отыруымыз керек. Бүгінгі спорттық шараның негізгі мақсаты да осы. Жыл сайын ауданымыздың түрлі салаларымен бірге спорт саласы да дамып келеді. Жас спортшыларымыз облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде өткізілген бәсекелерде бағы жанып, жоғары нәтиже көрсетіп жүргені баршаңызға аян. Жалпы спорт – салауатты өмірдің насихатшысы. Анығырақ айтсақ, денсаулықтың кепілі. Спорт – өмір. Спорт – тәрбие. Сондықтан жастарды спортқа баулу – бүгінгі күннің басты міндеті.

Таэквондо – шығыс жекпе-жегі. Десе де спорттың бұл түрі елімізде, соның ішінде біздің өңірімізде дамып келе жатыр. Боз кілемде бақ сынаған балғындар жеңіс тұғырынан жиі бой көрсетіп жүр. Бұл – жас спортшы үшін жетістік, ал ауданымыз үшін – үлкен абырой. Ендеше бүгінгі сайысқа

қатысатын барша спортшыларға сәттілік тілеймін, – деді Жасұлан Ерданұлы.

Расында шығыс жекпе-жегінің бір түрі таэквондо – жан мен тәнді қатар шындейтін спорт. Жекпе-жекте қол мен аяқ қатар қимылдайды және ол күш-жігермен бірге жылдамдық, ептілік, айла-өдісті қажет етеді. Сондықтан жарысқа қатысатын таэквондошы физикалық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да дайын болуы керек. Ал турнир басталар алдында жанкүйерлер жас өрендердің көзін өздеріне деген нық сенімді көрді.

Қазақ халқының әлімсақтан арманы азат елге айналып, өз алдына дербес мемлекет құру еді және бабаларымыз сол жолда аянбай терін де, қанын да төкті. Азаттық үшін, егемендік үшін төгілген қанның әр тамшысының өтемі бар және ол кейінгі ұрпақтан қайтуы тиіс. Тәуелсіздік

үшін күресіп, жанын пиде еткен батыр бабаларымыздың есімдерін мақтанышпен еске алып, ерлік істерін насихаттау – бүгінгі бейбіт заманда өмір сүріп жатқан бізге аманат. Біз қашанда ерлік істерге толы жасампаз тарихымызбен мақтанамыз. Бүгін сол тарихымыздың бір парағы тағы да ашылып, өздері киелі санап, қастер тұтқан ұланғайыр даланы дұшпанға бермей атойлаған батыр бабалардың рухы тағы жаңғырып жатыр. Бұл шараның бүгінгі және келер ұрпақ үшін маңызы зор. Әрине алдағы уақытта да жалғасын табуы керек, – деді Садық Әлиев.

Төрешілер жарыстың ережесімен таныстырған соң жас спортшылар жекпе-жекке білекті түре кірісті. Төрт жүзге жуық балғын спортшы 70 түрлі салмақ бойынша бақ сынады. Арал мен Қаратаудың арасындағы аудандар мен Қызылорда қаласынан келген жас спортшылар бабына қарай барын салды. Барлығы да жеңісті қолдан бермеуге тырысып бақты. Жанкүйерлер бозкілем үстінен балаларды емес, рухты, күшті, жігерлі, намысты батырларды көргендей болды. Алайда жарыс болған жерде жеңіс те, жеңіліс те болатыны анық. Спорттық шараның қорытындысында балалар арасындағы командалық есепте I орынды Қызылорда қаласынан келген №1 ОРМБЖМ командасы жеңіп алды. II орынды Қажымұқан спорт клубы иеленсе, III орынды Жалағаш ауданындағы №13 ОРМБЖМ командасы еншіледі. Ал қадеттер

арасында I орынды Қазалы ауданындағы №17 ОРМБЖМ командасы жеңіп алса, II орын «Достар» СК-ға бұйырды. III орынды «Шаған» спорт клубы еншіледі. Сонымен бірге жасөспірімдер арасында I орынды Қызылорда қаласындағы №2 ОРМБЖМ командасы алды, II орынды «Қыран» СК командасы иеленсе, III орын Жалағаш Баһадүр атындағы спорт интернатының командасына бұйырды. Жеңімпаз командалардың барлығы арнайы кубоктар иеленді. Сондай-ақ жеке жекелеген спортшыларға да түрлі номинациялар беріліп, ынталандыру сыйлықтары табысталды. Жарысты ұйымдастырушылар жаттықтырушыларды да арнайы алғыс хаттармен марапаттады.

Айта кеткеніміз жөн, спорттық шараны Сәрке батырдың ұрпақтары Мақсат Рахметов, Қадырхан Әлібеков, Мейрамбек Сығайбаев және Тұраржан Әкімбаев сынды азаматтар ұйымдастырса, «AB AGRO ORDA» ЖШС құрылтайшысы Абай Боранқұлов жарысқа қаржылай демеушілік жасады.

Орайы келіп тұрғанда ауданымызда жас таэквондошыларды дайындап жүрген Мақсат Рахметов, Олжас Нұрпейісов және Жасұлан Арықбай сынды жаттықтырушылардың есімі мен еңбегін атап өтсек, артық болмайды.

Қуат АХЕТОВ

Назарға алынсa

## Қаңғыбас иттің мәселесін қайтеміз?

Жұма күні газеттің кезекті нөмірін шығармашылық топ жоспарлап болғанымыз сол еді, «Сізге адам келіп ұр» деді есікті қағып кірген Жасұлан Оспанов. Ұжым басылым бетіне жарияланатын мақалаларды жазудың қамына кірісті, келген кісіні күтіп мен отырмын. Бұл жолы редакцияға ат ізін салған адам бөтен емес, өзіміздің әріптесіміз болып шықты. Кенттегі газет тасымалдаушы апай жұмыстан шығуға арыз жазып кету үшін келген екен. Себебі мынау...

Газет тасымалдаушы апайымыз жұмысы өзіне айтарлықтай қиын емес екенін айтады. Десе де кейбір оқырмандарымыздың үй ауласында итін байлаусыз қоя беріуі ол үшін қауіп. Тіпті оған таланып қала жаздаған күндер де болған. «Табыс табамын деп, итке таланатын жағдай жоқ» дейді ол. Айтып тұрған сөзінің жаны бар. Оның үстіне соңғы уақытта итті ауласында байлап ұстамайтындарға, жалпы қаңғыбас иттерге қатысты кент тұрғындарында шағым көбейген.

Не керек, «мәселені бір шешсе, кент әкімдігі болмаса ветеринария саласының мамандары шешеді» деген оймен олардың назарына салуға бел будым. Алдымен бағытым аудан орталығындағы Жалағаш кенті әкімдігі болды.

Әкім іште болмағанымен орынбасары орнында екен. Мән-жайды айтқанымда оның жүзінен елендеуді байқамадым. Соған қарағанда кент әкімдігіне мұндай талап-тілекпен келетіндер көп болса керек. Не де болса, құлақты қажаған сөз екені Бөкеннің жүзінен айқын аңғарылады.

Ие, қарап отырсақ, болмашы мәселе. Бұрын оның шешімі не еді? Әрине ветеринария саласы мамандарының назарына салсаң болды, келесіде оның табалдырығын тоздырудың қажеті болмайтын. Бірақ бұрынғыша мәселені шешуі, тіпті алдын алуға біздің заң рұқсат бермей отыр. Кент әкімдігі мен аудандық ветеринариялық станциясы мамандарының бізге берген жауабы осы болды.

Әкімнің орынбасарынан шыққанымыз сол еді, кабинетіне кіріп жатқан бас маман Мырзекенді көзіміз шалды. Сәлем беріп, шаруамызды айттық. Айтатыны бір жауап, мәселені бұрынғыша шешуіге заң рұқсат бермейді. Ол тіпті кент тұрғындары тарапынан қаңғыбас итке қатысты мәселемен әкімдіктің табалдырығын тоздыратындар

қатары көбейгенін айтып қалды. Оларға да берілетін сол жауап, әрине.

Ау, бұл қалай? Біздің Мемлекет басшысы айтқандай, басты байлығы адам және оның денсаулығы ма? Жоқ әлде ит пен мысық па? Егер Президент айтқандай, адам және оның денсаулығы бірінші кезекте болса, неге мәселені бұрынғыша шешуіге болмаса үй жануарларын аулап ұстауға жағдай жасалмайды?

Ветеринария саласының мамандары жыл сайын қаңғыбас ит-мысықтарды аулауға бюджеттен 2,5 млн теңге қаражат бөлінгенін айтады. Тиісті қаржыға оқ-дәрі алынады және ит-мысық аулайтындардың жалақысы төленеді екен. Заңға енген өзгеріске байланысты қазір бұл қаражат бөлінбейтін болған. Нәтижесі қалай, мәселе туындады, бір жағынан әлгі адамдар жұмысыз қалды.

Сала мамандарына «Егер заңды қару иелері арқылы қаруды және оқ-дәріні тұрғындар өз қаражатымен сатып алған жағдайда қаңғыбас ит-мысықты аулауға бола ма?» деген сауал жолдадық. Ол да оңай емес екен. Ол үшін алдымен жергілікті мәслихаттың шешімі шығуы керек. Себебі қаңғыбас ит-мысықты аулауға қатысты заң күшін өткен жылдың аяғында жойған. Оның орнына аулап ұстауға қатысты жаңа заң пайда болған. Аулап ұстауды да жүзеге асыруға ветеринария мамандары құлықсыз емес. Өкініштісі, бізде ондай панажай жоқ екен.

Дамыған елдердің заңын елпекшелей, пысықтамай сіңіріп ала бергеніміздің салдары деп ойлаймын мұны. Егер әлгідей мәселе күрделенген жағдайда «шоғырланып жүрген ит-мысықтар атылсын» деген мәслихат шешім шығару керек. Сосын біз баяғы мамандарымызды шақырып, бұрынғыша мәселені шешуіге кірісеміз. Ал үй ауласындағы итті байлап ұстамайтындарға тек айыппұл салынады.



Өткен жылдың соңында қаңғыбас ит-мысықтарды аулауға рұқсат беретін заң күшін жойған, – дейді сала мамандары.

Жыл басынан бері аудандық ветеринариялық станциясына тұрғындар тарапынан 50 өтініш түсіпті. Елуі де осы ит-мысыққа қатысты. Тіпті оның басым бөлігі сол иттердің өз ісінен түскен. Яғни қорадағы малына шапқан, үйіне келген кісілерді қапқан деген сияқты. Тіпті мәселе ушыққасын биыл 200-ге жуық ит ауланған. Алайда мұнымен бізде мәселе толыққанды шешімін тапқан жоқ. Ал бұған дейін мұндағы мамандар жылына 1500-ге жуық қаңғыбас ит-мысықты жойған екен.

Біз қаңғыбас ит-мысықтың мәселесін шеше алмай отырмыз. Ал биыл жыл басынан бері адамдардың итке талануына қатысты 18 жағдай орын алған. Мамандар тұрғындарды талаған иттердің барлығының иелері бар екенін айтады.

Демек, ауласында итті байламай ұстаудың өзі айтарлықтай қауіпті екенін түсінген дұрыс сияқты. Абырой болғанда әлгі 18 жағдайдың барлығы адам шығынынсыз аяқталған. Бетін ары қылсың, бірақ адам шығыны болған жағдайда заңға қайта өзгеріс енеді дегенге менде сенімнен күдік басым. Не де дейсіз ғой, қараңызшы, «Әлгі 18 жағдайдан кейін мамандар нәнді шара қабылдады?» деген сауалдың жауабы да күлкілі. Ветеринария мамандары иттің құтырған немесе басқа да ауруы бар-жоғы жөнінде тек анықтама әзірлейді. Ал таланған адам 90 күн бақылауда болады, болды. Ал әлгі иттің иесіне байлап ұстауға қатысты сала мамандары ескертеді. Алайда олардың бұл ескертуді қаперде ұстайтынына тағы да үміттен күдік басым. Ол итті біздің заң қорғап отыр. «Адамның да бұл жерде құқығы қорғалған» десең, неге 18 жағдай бірінен кейін бірі тіркеледі? Бұл

– бір ғана Жалағаш деген шағын ауданда тіркелген жағдай. Ал үлкен аймақтарда не болып жатқаны бір Құдайға аян.

Біз бір емес, екі мекеменің табалдырығын тоздырып, мынадай ой түйдік. Бұл жерде сала мамандары жұмысына салғырт қарап отырған жоқ. Керісінше олардың рұқсат берсе, елдің елендеген мәселесін ертеңге қалдырғысы жоқ. Бірақ мұның да бір шешімі болуы керек шығар. Оны ел ағаларына қалдырдық. Ал көзіқарақты оқырмандарға «Үйдегі итін байлап ұстаса» деген жалғыз өтініш бар. Кейбір үйлер қоршауының сыртына газет салатын арнайы жеңік жасқа қоятын. Осындай дестүрді біздің оқырмандар жалғап өкете, нұр үстіне нұр болар еді. Бастысы, біз айттып отырған мәселе назарға алынсa дейміз.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорында 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозғарысын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәуірлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 87242/40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1837